

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1551 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 704 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 238 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2015 № 238 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1551 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 81, 1060-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Үкіметінің

2014

жылғы

26

маусымдағы

№

704

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

Қазақстан Республикасының

К.Мәсімов

Республикасы

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің миссиясы мен пайымы
2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларындағы (аяларындағы) даму үрдістерін талдау
3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері
4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл
6. Тәуекелдерді басқару
7. Бюджеттік бағдарламалар

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің миссиясы мен пайымы

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің миссиясы – мәдениет саласында сапалы және қолжетімді қызметтер көрсетуге, мемлекеттік және басқа тілдердің қарқынды дамуына, ел бірлігінің нығаюына, мемлекет пен азаматтық сектор әріптестігінің тиімді жүйесін қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу және тиімді іске асыру.

Пайымы – ел бірлігінің мызғымас қағидаттары, азаматтық бастамаларды іске асырудың тиімді тетіктері бар, жалпыұлттық мәдени және тілдік орта.

2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларындағы (аяларындағы) даму үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

1. Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Сала инфрақұрылымының жай-күйі. Қазақстандағы мемлекеттік мәдениет және өнер мекемелерінің жүйесінде 38 республикалық (10 театр, 7 концерттік ұйым, 3 кітапхана, 5 мұражай, 9 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 1 кинокомпания,

3 өзге ұйым) және 8 мыңға жуық облыстық мәдениет ұйымдары (219 мұражай, 4 149 кітапхана, 2 960 клуб, 53 театр, 41 концерттік ұйым, 21 кинотеатр, 152 киноқондырғы, 6 хайуанаттар бағы, 5 цирк, 55 мәдениет және демалыс саябағы)
қ ы з м е т е т е д і .

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша соңғы оң жылда мұражайлар мен кинотеатрлар (кинозалдардың) саны 45 %-ға, ал театрлар мен кітапханалардың саны 20 %-ға ұлғайған.

Мәдениет өнімдеріне деген сұраныс туралы мынадай келушілер санының көрсеткіштері байқатады: он жыл ішінде театрға келушілердің саны 35 %-ға артты, кітапханалардың тұрақты оқырмандарының саны 18 %-ға өсті, ал кинотеатрлар көрермендерінің саны 5 есеге артты.

2012 жылы 12 205 спектакль қойылып, 6 800 концерт ұйымдастырылды, республикалық мұражайларда 113 көрме, 357 дәріс және 14 353 экскурсия өткізілді. Кітапханаларда 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді.

Елімізде өзінің сәулеті бойынша бірегей болып табылатын «Қазақстан» орталық концерт залы, Орталық Азиядағы ең ауқымды «Астана-Опера» опера және балет театры ашылды. Еліміздің мәдени мұрасының маңызды құндылықтарын жинақтайтын және мыңжылдық ұлттық тарихымыздың ұлылығын көрсететін орынға айналуға тиісті Қазақ ұлттық мұражайының құ р ы л ы с ы жү р і п ж а т ы р .

Заңнамалық базаны жетілдіру. 2010 жылы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қабылданған түзетулер отандық киноматография, мұражай және кітапхана ісі саласындағы мәселелерді реттеуге бағытталған. Атап айтқанда, киноөнімдерді индексациялау және прокаттық куәліктер беру тетігі енгізілді, ұлттық киноның критерийлері айқындалды, кітапханалық қорды қалыптастыру нормалары нақтыланды, жергілікті атқарушы органдар құзыретіне облыстық, аудандық не республикалық маңызы бар қалалық бір кітапханаға «Орталық» мәртебесін беру функциясы қосылды. 2011 жылы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» және «Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және оларға меншік құқығын беруге тыйым салу мен олардың алдын алуға бағытталған шаралар туралы» конвенциялар р а т и ф и к а ц и я л а н д ы .

Табыстар және жетістіктер. Елбасының бастамасы бойынша 2004 жылдан бері ауқымы және тарихи диапазоны жағынан теңдессіз болып табылатын «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасы іске асырылуда.

Жобаны іске асыру жылдарында ұлттық тарихымызды танытатын, ғылымды мыңдаған жәдігерлермен байытқан 40-тан астам археологиялық және 30-дан астам ғылыми-қолданбалық зерттеулер жүргізілді. Шығыс Қазақстан

облысындағы Шілікті және Берел қорғандарындағы қазбалар және скиф-сібірлік «аң» стилі немесе сақ өнеріне (б.з.д V-III ғғ.) қатысты алтын бұйымдарды табу әлемдік танымалдылыққа ие болды.

Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, АҚШ және Батыс Еуропа елдерінде болған ғылыми-іздірету экспедициялары нәтижесінде қазақ халқының тарихы, этнографиясы, өнері бойынша 5 мыңнан астам аса бағалы мұрағаттық құжаттар табылып, ғылыми айналымға енгізілді.

«Мәдени мұра» жобасының шеңберінде 83 тарих және мәдениет ескерткіші толығымен реставрациядан өтті, олардың ішіндегі шетелдік ауқымды жобалар: Дамасктағы (Сирия) Сұлтан Әз-Захир Бейбарыс кесенесін реставрациялау және Дамаск тарихи-мәдени орталығындағы Әл-Фараби кесенесіндегі құрылыс ж ұ м ы с т а р ы .

Қазақстанның екі ескерткіші ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұрасы тізіміне кірді: Қожа Ахмет Яссауи кесенесі және Тамғалы археологиялық кешені.

Тәуелсіздік жылдары алғаш рет отандық ескерткіштерді ауқымды түгендеу жүргізілді. Республикалық (218 ескерткіш) және жергілікті (11 277 ескерткіш) маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің Мемлекеттік тізімдері бекітілді . «Қазақтың дәстүрлі мың күйі», «Қазақтың дәстүрлі мың әні» және «Батырлар жыры» бірегей жобалары шеңберінде халық өнерінің озық үлгілері жүйеленді.

Археологияның, тарих пен мәдениеттің, археологиялық қазбалардың бірегей ескерткіштері туралы барлық мәліметтер іздеуге оңай форматта «Мәдени мұра – Культурное наследие» (www.madenimura.kz) ақпараттық порталына о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

Отандық киноиндустрия қарқынды түрде дамып жатыр. «Қазақфильм» АҚ киностудиясында көркем, деректі және анимациялық фильмдерді өңдеудің толық , қазіргі заманғы технологиялық тізбегі қамтамасыз етілген. Ауқымды жаңғырту нәтижесінде компания әртүрлі жанрдағы және форматтағы фильмдерді түсіруге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы және жоғары дәрежелі құрал-жабдықтарға ие болды. Сонымен қатар, пост-өңдеудің барлық технологиялық циклі жасалған.

Кинобазаның өндірістік қуаты – бұл бір жылда 100-ден аса фильм шығару және 20-дан аса картинаның прокатта болуы.

Соңғы төрт жыл ішінде «Қазақфильм» АҚ-ның 99 картинасы 150 кинофестиваль мен әлемнің 48 еліндегі халықаралық көрсетілімдердің қатысушысы болды. 2012 жылы 62 кинофестиваль мен халықаралық деңгейдегі кинокөрсетілімдерге қазақстандық 32 картина қатысты, 8 картина 13 арнайы сыйлықтар мен жүлделерді жеңіп алды.

Театр және музыка өнері дамуының мықты негізі қаланды. Еліміздің театрлық алаңдарында жыл сайын 10 мыңнан астам спектакль қойылады, олардың ішінде 300-і – отандық және шетелдік хореографтардың,

балетмейстерлердің, режиссерлардың жаңа қойылымдары, «Тәуелсіздік толғауы» шығармашылық байқауының шығармалары. Опера және балеттің отандық жетекші солистері әлемнің үздік сахналарында – Ла Скала театрының Академиясында, Вена операсында, Мариин театрында, Перголези Спонтини Қорында, Болоньядағы Италияндық Опера мектебінде, сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып, өзінің сахналық шеберлігін шыңдайды.

Қазақстандық орындаушылардың әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейі олардың беделді халықаралық конкурстар мен фестивальдарға жыл сайынғы қатысуымен, беделді халықаралық конкурстарда лауреат және дипломант атағын жеңіп алуымен дәлелденеді. Соңғы үш жыл ішінде 170-тен аса

адам тағылымдамадан өтті.

«Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 мақалада берілген Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Еңбекке, адал кәсіби табысқа, Отанға қызмет етуге, жоғары патриоттық ниеттерге оң көзқарастар қалыптастыратын отандық әлеуметтік мәдени өнімдерді жаңғыртудың 2012 – 2016 жылдарға арналған жоспары әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1124 қаулысымен қабылданды. Осы құжат шеңберінде еңбек адамына, өз ісінің шеберіне арналған фильмдердің, кітаптардың, театралдық қойылымдардың, музыкалық туындылардың, мақалалардың, телебағдарламалардың тапшылығын азайтуға бағытталған іс-шаралардың біртұтас кешені көзделген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ұлттың негізгі зияткерлік ресурсы болуға арналған Қазақ ұлттық электрондық кітапханасының (бұдан әрі – ҚазҰЭК) қорын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. ҚазҰЭК-ның ресурс көлемін 12 000-нан астам кітаптардың е-көшірмелері құрайды. Бұл – «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасы шеңберінде басылып шыққан кітаптар, сирек кітаптар, Қазақстан халқы Ассамблеясының депозитарийі, сондай-ақ авторлар немесе құқықтық иеленушілері ұсынған Қазақстанның тарихы, экономикасы, мәдениеті, өнері, ғылымы бойынша кітаптар.

Электрондық каталогтың көлемі 18 000 библиографиялық жазбаларды құрайды. Қашықтықтан пайдаланушылардың сұраныстары бойынша жыл сайын кітаптардың е-көшірмелерін жасауға орташа есеппен 1 500 тапсырыс қабылданады және жасалады. 2012 жылы ҚазҰЭК-ға келушілердің орташа саны 120 000 құрады, оның ішінде әлемнің 74 елінен 80 000-ға жуық сыртқы келушілер. Соның ішінде ҚазҰЭК-тің бірегей сырттан келген келушілердің саны 6 6 0 7 3 құрады.

Қазақстан мәдениетін шетелдерде танымал ету. Соңғы бірнеше жылда Мәдениет күндері форматындағы іс-шаралар іс жүзінде барлық ТМД елдерін,

Еуропаның және Азияның, Таяу Шығыстың жетекші мемлекеттерін қамтыды. Жалпы, 2005 жылдан 2012 жылға дейін әлемнің 44 елінде тұсаукесер іс - шаралары өткізілді.

Мәдениет қайраткерлерін қолдау. Мәдениет саласындағы дарынды және болашағы зор қайраткерлерді ынталандырудың және қолдаудың тетігі енгізілді. 2012 жылы мәдениет және өнер қайраткерлеріне әдебиет және өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлық – 4 адамға, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы – 1 адамға, мәдениет саласындағы Мемлекеттік шәкіртақылар – 50 адамға табысталды.

Тағылымдамалар мен біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Отандық репертуарды толықтыру мақсатында гранттар бөлу және шығармашылық байқаулар өткізу қарастырылған.

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Бірінші. Мәдениет саласындағы отандық өнімнің қызмет көрсету нарығындағы шетелдік өндірушілердің басымдығы кезіндегі бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігі.

Екінші. Өңірлердегі мәдениет мекемелері желісінің дамуындағы үйлесімділіктің болмауына негізделген республика тұрғындарының мәдениет ұйымдары көрсететін қызметтерге қолжетімділігінің теңсіздігі және желінің минималды нормативтерінің жоқтығы. Мысалы, өңірлердегі кітапханалардың саны халықтың 10 000 адамына шаққанда 6,6-дан (Батыс Қазақстан облысы) 0,3 (Шығыс Қазақстан облысы) бірлікке дейін ауытқиды; клубтық сипаттағы мәдениет мекемелері халықтың 10 000 адамына шаққанда 4,5-тен (Батыс Қазақстан облысы) 0,7 бірлікке дейін (Маңғыстау облысы) ауытқиды. Ауыл тұрғындарының мәдениет объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету жеке тұрған мәселе. Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасының тозуы жағдайды қиындатып отыр. Мысалы, ағымдағы кезеңде клубтық сипаттағы мекемелердің 18 %-ы және мұражайлардың 21 %-ы күрделі жөндеуді қажет етеді.

Үшінші. Саланың қызметкерлерін әлеуметтік қолдаудың әлсіздігі. Саланың жеке қызметкерлерінің төмен жалақысы, зейнетке шығуының реттелмеуі кәсіптің беделін арттыруға ықпал етпейді. Мәдениет саласы қызметкерлерінің орташа номиналдық жалақысы республикадағы қызметтің барлық түрлерінің барабар көрсеткіштерінен 61-72 % құрайды, бұл мәдениет саласы қызметкерлерінің неғұрлым төмен қаржылық уәжділігін айқындайды. Нәтижесінде мұндай ахуал саланың және мәдениет ұйымдарының білікті кадрларының тапшылығына алып келеді. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес

мәдениет саласында қызмет ететін тұрғындар санының өзгеру қарқыны жалпы халықтың жұмысбастылық көрсеткіштерінің өзгеру қарқынымен сәйкеспейді.

Төртінші. Мәдениет саласын жеткіліксіз қаржыландыру. Халықаралық тәжірибені талдау нәтижелері батыс елдерде мәдениетке бөлінетін жылдық бюджеттік қаражаттың орташа көлемі ЖІӨ 0,6 % – 0,8 %, Қазақстанда 0,1 %-дан төмен екенін көрсетті.

3. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау.

Отандық мәдени нарықтағы шетелдік өнімнің басым болу үрдісі саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту, продюсерлік және баспа қызметін ынталандыру, болашағы зор әдебиет және өнер қайраткерлеріне қолдау көрсету арқылы мәдениет саласында бәсекеге қабілетті өнім шығарудың тетіктерін жетілдіру қажеттілігін тудыруда.

Қазіргі заманғы ыңғайлы форматта халықтың мәдени құндылықтарға қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік беретін жаңа технологияларды енгізу мәдениет нысандарын цифрлық форматқа ауыстыру процестерін бұдан әрі жетілдіруді, тиісті интернет-ресурстарды сапалы мазмұнмен қамтамасыз етуді талап етеді.

Елдің мәдени кеңістігінің сәулетін оңтайландыруға саланың нормативтік-құқықтық базасын одан әрі жетілдіру, атап айтқанда мәдениет ұйымдары желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативтерін қабылдау және саланы толық паспорттауды енгізу ықпал етеді.

2-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру.

1. Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Сала инфрақұрылымының жай-күйі. Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы жұмыс істейді. Тілдерді үйрету орталықтарының өңірлік желісі: 2005 жылы – 8, 2006 жылы – 12, 2007 жылы – 36, 2008 жылы – 45, 2009 жылы – 93, 2010 жылы – 101, 2011 жылы – 132, 2012 жылы – 130 орталықты құрады.

Саланың табыстары және жетістіктері. 2013 жылы Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың бірінші кезеңі аяқталды.

Осы кезең шеңберінде ең алдымен тілдерді қолдану мен дамытудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын әрі қарай жетілдіруге бағытталған біртұтас шаралар кешенін жүргізу қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде тілдік құзыреттілік стандарттарын толық әзірлеу қамтамасыз етілді: «Қазақ тілі шет тілі немесе екінші тіл ретінде» үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқытудың үлгі бағдарламаларының жобасы мен оқу-әдістемелік кешені қалыптастырылды. Қазақ тілін игеру стандарттары,

лексикалық минимумы, грамматикалық анықтағышы, интерактивті сынақтық тестілеу бағдарламалары, 5 деңгейлік «Тіл құрал» оқу-әдістемелік кешені (А1 – тілді қарапайым пайдалану деңгейі, А2 – базалық деңгей, В1 – орта деңгей, В2 – ортадан жоғары деңгей, С1 – жоғары деңгей) басып шығарылды, олар барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік тілді оқыту орталықтарына т а р а т ы л д ы .

Қолданыстағы www.kazakhtest.kz ресми сайты беттерінде он-лайн режимінде тестілеуден өткізу ұйымдастырылды.

2013 жылы «Тіл орталықтарын аккредиттеу жүйесінің әдіснамасы» жобасы бойынша тіл орталықтарын аккредиттеу әдіснамасы, сыртқы сараптама жүргізу әдістемесі, стандарттар мен критерийлер, аккредиттеуге арналған басшылық ә з і р л е н д і .

Қазақ тілінде әр түрлі әдебиетті басып шығару жалғастырылуда. 25 томдық «Әлемдік классика», балаларға арналған 15 томдық «Әлем балалар әдебиетінің інжу-маржандары», 60 томдық кішкентай балаларға арналған «Ертегілер елінде», балаларға арналған ғылыми-танымдық «Мен оқығанды ұнатамын» 64 томдық жинағы, 5 томдық «Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері», 15 томдық әдеби қазақ тілі (түсіндірмелі сөздік) сөздігі және т.б. әдебиеттер шығарылды. Аталған әдебиеттер республиканың барлық өңірлеріне таратылды. Шығарылған оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, публицистикалық әдебиеттер арасында қазақша-орысша, орысша-қазақша 10 томдық терминологиялық сөздік, «Қазақ тілі. «Тілдарын» А-1 деңгейі» ғылыми-әдістемелік кешені, «Суретті қазақ тілі» оқу құралы, «Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі», «Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі», «Арабша-орысша-қазақша, қазақша-орысша-арабша халықаралық қатынастар және саяси лексика сөздігі», «Цитология, эмбриология, гистология, анатомия терминдерінің түсіндірмелі ақпараттық сөздігі», «Химия. Балаларға арналған энциклопедиялық анықтамалық» және бірқатар басқа материалдар бар.

Барлығы 2013 жылы 85 баспа жобасы іске асырылды, олардың ішінде 36 оқу-әдістемелік құрал, 19 атаулы балаларға арналған кітап, 20 салалық сөздік және 10 туынды шығармалар. Бірқатар тележобалар шығарылды: «Біз қазақша сөйлейміз» реалити-шоу, «Қазақша сөйлейміз» қазақ тілінде сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен ойын-сауық бағдарламасы, «Қазақша оңай – Казахский легко» қазақ тілін оқыту жөніндегі сабақтар және т.б.

Ономастика саласында 2013 жылғы 21 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Терминология саласында салалық терминологиялық топтармен жұмыстар жолға қойылды. Жаңа терминдерге сараптама жүргізу және оларды

Республикалық терминологиялық комиссия отырыстарында бекітумен қатар 30 томдық терминологиялық сөздік бойынша жұмыстар басталды.

Іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен ауыстыру шеңберінде мемлекеттік тілде іс жүргізуді мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесінің жұмысы қамтамасыз етілді. Мемлекеттік органдардағы мемлекеттік тілдегі іс жүргізудің үлесі құжат айналымының жалпы көлемінде 84 % құрайды.

Визуалды өнімді ресімдеу кезінде тіл саясаты саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орфоэпия мәселелері өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жергілікті атқарушы органдардың тиісті бақылау жүргізу құзыреті е н г і з і л д і .

Төзімді тілдік ортаны қалыптастыру. Ел бойынша этномәдени бірлестіктер жанында 190 жексенбілік мектеп жұмыс істейді, оларда Қазақстанда тұратын 30-ға жуық этностардың өкілдері ана тіліне оқытылады. Барлық тіл орталықтарында азаматтардың барлық санаттары, соның ішінде әлеуметтік осал санаты үшін қазақ және ағылшын тілдерін оқыту жүргізіледі. Жексенбілік мектептер үшін олардың оқыту тілдерінде оқулықтарды құрастыру және басып шығару мәселесі п ы с ы қ т а л у д а .

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Бірінші. Қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің әрқелкі болуы.

Екінші. Қазақстандық қоғамдағы тілдік мәдениеттің төмендеуі.

Үшінші. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау және нығайту қ а ж е т т і л і г і .

3. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау.

Қазақ тілін оқытатын оқытушылар мен мамандардың дайындық деңгейінің төмендігі, мемлекеттік тілді меңгеру процесін ынталандыру және мониторингтеу жүйесінің жоқтығы қоғамда мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруда те ж е г і ш ф а к т о р б о л ы п о т ы р .

Еліміздің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілді енгізу процесіндегі маңызды фактор ретінде оның халықаралық қатынас, бос уақыт пен ойын-сауық саласындағы белсенді қолданылуы, оның заң, ғылым және жаңа технологиялар тілі ретінде дамуы, мемлекеттік тілде сөйлеудің беделін арттыру мен оны отбасылық құндылық ретінде дәріптелуі болып табылады.

Қазақстандық қоғамның тілдік мәдениетін арттыру, лингвистикалық капиталын нығайту саласында терминология, антропонимика және орфоэпия саласындағы мәселелерді шешу, сөйлеу мен жазу мәдениетін жетілдіруге ықпал ету, сондай-ақ төзімді тілдік орта құру басымдыққа ие болып табылады.

3-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту,

ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

1. Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Қоғамдық-саяси сала инфрақұрылымының жай-күйі. Республикада 9 саяси партия, 818 этномәдени бірлестік (бұдан әрі – ЭМБ), 25 000 астам үкіметтік емес ұйым (бұдан әрі – ҰЕҰ) және бірқатар кәсіптік одақтар жұмыс істейді.

Табыстар мен жетістіктер. Елімізде болып жатқан қоғамдық-саяси процестері, этносаралық қарым-қатынастар дамуының жай-күйі мен беталысын жүйелі зерделеу мақсатында Министрлік жағдайды жүйелі мониторингтеу тетігін жолға қойды. Ел дамуының негізгі басымдықтарын, стратегиялық бағдарламалық құжаттарды түсіндіруге бағытталған ақпараттық-насихаттық іс-шаралар өткізуге қатысты тұрақты түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Әлеуметтанушылық деректерге сәйкес мемлекеттік саясаттың бағдарламалық құжаттары мен негізгі даму бағыттары туралы халықтың хабардар болу деңгейі 86,1 %-дан астамды құрады.

Министрліктің үйлестірушілік рөлінің аясында биліктің, бизнес пен ҰЕҰ негізгі әлеуметтік әріптестігінің негізі болған, 2006 – 2011 жылдарға арналған Азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасы тиімді іске асырылды. Нәтижесінде, заң жобаларын әзірлеуге, бағдарламаларды іске асыруға, еліміздің маңызды даму мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуге ҰЕҰ кеңінен тарту күнделікті тәжірибеге айналды. Мемлекет пен ҰЕҰ-дың әріптестігінің басымдықтарын айқындайтын азаматтық форумдар тұрақты негізде өткізіледі. 2011 жылдан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына олардың азаматтық сектормен өзара іс-қимылдарының тиімділігі индикаторлары енгізілді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қаражатынан барлық республикалық шығармашылық одақтар, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоры, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, «Болашақ» президенттік бағдарламасы түлектерінің қауымдастығы, Іскер әйелдер қауымдастығы, Қазақстан жастарының конгресі және көптеген басқа да әйелдер, жастар ҰЕҰ қаржыландырылады.

2013 жылы Министрлік 60-тан аса жобаны іске асырды, оның ішінде абсолюттік көпшілігі Елдің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын, Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларын іске асыру үшін бүкіл қоғамға кеңірек түсіндіру және жұмылдыруға бағытталған. Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» мақаласында берілген тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасында ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелерге дайындық жүргізу мен өткізу жөніндегі ұсынымдар дайындалды және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Хатшысының өкімімен бекітілді (2013 жылғы 15 қаңтардағы № 1).

Қазақстанның кітап шығару саласы бүгінгі күні көтерілу үстінде. Қазіргі

таңда Кітап палатасында 364 баспа мен кітап шығарушы ұйым тіркелген. Шығарылып жатқан әлеуметтік маңызды әдебиеттің ассортименті кеңейтіліп, кітаптардың полиграфиялық орындалуы мен көркем безендірілуі жақсаруда. Әлеуметтік маңызды әдебиет – бұл қоғамның рухани-танымдық және зияткерлік-мәдени әлеуетін арттыруға, өскелең ұрпақты патриотизм және жалпы әлемдік құндылықтар идеалдары рухында тәрбиелеуге, сондай-ақ, елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-танымдық және мәдени өміріндегі жетістіктерді кеңінен таратуға бағытталған көркем, ғылыми, публицистикалық, энциклопедиялық және басқа да өзекті шығармалар.

Заңнамалық базаны жетілдіру. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданылады, оның шеңберінде Мәдениет министрлігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру саласындағы уәкілетті орган болып айқындалған. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың салалық регламенттелуі және оны мониторингтеу рәсімін жетілдіру нормативтік т ұ р ғ ы д а н б е к і т і л г е н .

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Бірінші. Халық арасында ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізу әдіснамасын жетілдіру, сондай-ақ «диалогтық алаңдар» қызметін қамтамасыз ету саласында да әдіснамалық база құру қажеттігі туындап отыр.

Екінші. Мемлекеттік рәміздер саласындағы заңнаманың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету тәжірибесін жетілдіру талап етіледі.

Үшінші. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру саласындағы ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету одан әрі ж е т і л д і р у д і т а л а п е т е д і .

3. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау.

Мемлекеттің түйінді міндеттерінің бірі халықтың кең қабатымен тиімді идеологиялық жұмыс жүргізу екендігін ескере отырып, ақпараттық-насихаттық қызметті ұйымдастырудың тетіктері мен әдістерін әрі қарай жетілдіру, осы салада азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықты кеңейту, қазіргі заман талабына сай келетін әдіснамалық және техникалық базаны әзірлеу және енгізу талап етіледі.

3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері
Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

Атауы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1 - с т р а т е г и я л ы қ									
Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру									
1.1-мақсат. Отандық мәдениетті елде және шет елдерде танымал ету									
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды (003, 005, 006, 007, 008, 009, 010, 01013, 014, 015, 016)									
Нысаналы индикаторлар									
Мәдениет саласындағы көрсетілетін қызметтер сапасына тұрғындардың қанағаттану деңгейі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	65,4	66	67	68	69	70	70
Ел ішінде және шетелде өткізілген әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шаралардың саны	ведомстволық бағынысты ұйымдардың есептері	бірлік	-	49	50	42	38	38	38
1.1.1-міндет. «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын іске асыру шеңберінде тарихи-мәдени мұраны сақтау және танымал ету									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері									
Республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізімдеріне енген объектілердің жалпы санынан қалпына келтірілген, реставрацияланған және консервациядан өткен мәдени мұра объектілерінің үлесі	ведомстволық бағынысты ұйымдардың есептері	%	0,86	0,98	1,13	1,29	1,44	1,6	1,7
Тарихи-мәдени мұраларды елде және шетелдерде танымал етуге бағытталған іс-шаралардың жыл сайынғы саны	ведомстволық бағынысты ұйымдардың есептері	бірлік	239	168	140	157	175	173	175
«Мәдени мұра» жобалары туралы халықтың хабардар болу деңгейі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	76,6	77	78	80	81	82	83
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын кешенді зерделеу					X	X	X	X	X
Тарихи-мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз ету					X	X	X	X	X
Ел ішінде және шетелде ұлттық тарихи мұраны насихаттау					X	X	X	X	X

Ақпараттық-танымдық веб-порталдарды Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы туралы контенттермен толықтыру					X	X	X	X	X
1.1.2-міндет. Мәдени құндылықтарға тұрғындардың қолжетімділігін арттыру									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері									
Мәдениет ұйымдарына 1000 адамға шаққандағы келушілердің (келу) орташа саны: кітапханаға келушілер театрға келушілер мұражайға келушілер	Статистика агенттігінің деректері	бірлік	277 144 272	273 126 262	275 127 264	277 129 266	279 131 268	281 133 270	283 135 272
Цифрлық форматқа көшірілген ұлттық кітапханалық қордың үлесі	ведомстволық бағынысты ұйымдардың есептері	%	-	13	26	38	51	64	76
«Қазақстан кітапханасы» мемлекеттік электрондық кітапхана қоры» ақпараттық жүйесіне кіру	kazneb.kz порталына кіруді есепке алудың электрондық жүйесі	мың бірлік	66	52	68	69	70	71	72
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету					X	X	X	X	X
Мәдениет нысандарын салу және реконструкциялау					X	X	X	X	X
Мәдениет нысандарының қызмет етуін қамтамасыз ету					X	X	X	X	X
Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау					X	X	X	X	X
«Қазақстан кітапханасы» мемлекеттік электрондық кітапхана қорының контентін толықтыру					X	X	X	X	X
1.1.3-міндет. Отандық мәдениет өнімінің қызметін нарықта ілгерілету									
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері									
Жалпы кинопрокат көлеміндегі отандық фильмдердің үлесі	кинотеатрлар репертуарының мониторингі	%	4,6	4	5	5	5	5	5
Республикалық театрлардағы жаңа театрлық қойылымдардың саны (жылдық кесім)	ведомстволық бағынысты ұйымдардың есептері	бірлік	44	32	35	31	30	30	30
Елде және шет елдерде тағылымдамадан өткен мәдениет мекемелері қызметкерлерінің саны	ведомстволық бағынысты ұйымдардың есептері	бірлік	-	23	33	33	33	23	23
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Мәдениет саласындағы қайраткерлерді ынталандыру (талантты тұлғаларды, дарынды жастарды қолдау, мәдениет қайраткерлеріне мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялардың төленуін қамтамасыз ету)					X	X	X	X	X

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау					X	X	X	X	X
Әлеуметтік маңызы бар, мәдени, сондай-ақ жастарды құқықтық тәрбиелеуге бағытталған іс-шараларды жүргізу					X	X	X	X	X
Ұлттық фильмдер шығару					X	X	X	X	X
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мәдени саясатының тұжырымдамасын бекіту					-	X	-	-	-
Атауы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
2 - с т р а т е г и я л ы қ б а ғ ы									
Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру									
2.1-мақсат. Мемлекеттік тілді және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту									
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның коды (004)									
Нысаналы индикаторлар									
Республикадағы мемлекеттік тілді меңгерген ересек халықтың үлесі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	67,5	68,0	71,0	75,0	78,0	80,0	80,0
Республикадағы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген халықтың үлесі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	7,8	10,0	10,5	11,0	12,0	13,0	14,0
2.1.1-міндет. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік және біріктіру функцияларын кеңейту									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері									
Қазақ тілін оқыту орталықтарында оқитындардың саны	Қазақ тілін оқыту орталықтарының есептері	бірлік	3 250	35 000	35 500	38 000	40 000	42 000	45 500
Мемлекеттік органдардағы жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілде іс жүргізудің үлестік көлемі	құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізу процесінің мониторингі	%	84	86	88	90	91	91	92
Мемлекеттік тіл ұлттық порталға кірушілердің саны	порталды кірушілердің есепке алудың электрондық жүйесі	мың бірлік	350	355	360	365	370	375	380
Ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралармен қамтылған қазақ диаспорасы тұратын елдердің саны	Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының есептері	бірлік	21	20	21	21	21	21	21
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Қазақ тілін латын графикасына ауыстыру жөніндегі дайындық жұмысын жүргізу (Ведомствоаралық жұмыс тобын құру, республикалық және					-	-	X	X	X

[illegible]

Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын оң бағалаған тұрғындардың үлесі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	57	57	58	59	60	61	62
Мемлекеттік рәміздерді қолдану саласындағы халықтың құқықтық сауаттылығының деңгейі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	48,5	49	53	57	61	65	69
ҰЕҰ бірге іске асырылған әлеуметтік маңызы бар жобалардың саны	жобалардың саны	бірлік	55	55	55	55	55	55	55
Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығы	Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің есебі	ДЭФ ЖБИ рейтингіндегі орын	32	29	28	27	26	25	24
Саясаткерлерге қоғамдық сенім	Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің есебі	ДЭФ ЖБИ рейтингіндегі орын	37	35	34	33	32	31	30
Мемлекеттік қызметкерлер шешіміндегі фаворитизм	Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің есебі	ДЭФ ЖБИ рейтингіндегі орын	91	77	76	75	74	73	72

3.1.1-міндет. Этносаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері

Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты оң бағалаған тұрғындардың үлесі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	88	88	89	90	91	92	93
Толеранттық құндылықтарды және этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған бағдарламалық құжаттар туралы халықтың хабардар болу деңгейі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	52,4	54	56	58	59	60	61
Қазақстан Республикасында тұратын барлық этностардың мәдениеттері мен дәстүрлерін сақтау және дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызды	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	% (жалпы қаржыландыру көлемінен)	7,6	8	8	8	8		8

жобаларды қолдаудың деңгейі	жөніндегі конкурстың қорытындылары							8		
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең					
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
Толеранттық және этносаралық келісім идеяларын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу					X	X	X	X	X	
Қазақстандық қоғамдағы этносаралық ахуалға тоқсан сайынғы мониторинг					X	X	X	X	X	
3.1.2-міндет. Қазақстан дамуының стратегиясы мен басымдықтарын және жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты түсіндіру және насихаттау										
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері										
Ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүргізу нәтижелері бойынша бағдарламалық құжаттар мен мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы халықтың хабардар болу деңгейі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	86,1	85	86,5	87	87,5	88	88,5	
Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау бойынша өткізілетін жұмыс туралы халықтың хабардар болу деңгейі	әлеуметтанушылық зерттеулер	%	69,2	67	70	72	75	77	79	
Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік рәміздерді танымал ететін имидждік материалдармен қамтамасыз етілу деңгейі	инспекциялық тексерулердің нәтижелері/ мемлекеттік органдардың, мекемелердің деректері	%	38,8	38	39	40	41	42	43	
Шешім қабылдау деңгейіндегі биліктегі әйелдердің үлесі	құрылымдық бөлімшелердің есептері	%	51	30	30	30	30	30	30	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең					
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
Бағдарламалық құжаттар мен мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын түсіндіру мен насихаттау жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу					X	X	X	X	X	
Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу					X	X	X	X	X	
Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларының негізгі басымдықтарын қабылдау мәні бойынша қоғамдық пікірлерге мониторинг					X	X	X	-	-	
3.1.3-міндет. Елдің даму стратегиясын іске асыруға азаматтық қоғам институттарының қатысуын кеңейту										
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері										

[illegible]

Республика кітапханаларына таратылған әлеуметтік маңызы бар әдебиеттердің саны	тапсыру-қабылдау актілері	бірлік	954 630	781000	793000	793000	793000	793000	793000
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезең				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді шығаруға тақырыптық бағыттарды айқындау					X	X	X	X	X
Кітап шығарушы ұйымдардың тізбесін айқындау					X	X	X	X	X

3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары және мақсаттары	Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы
1	2
1-стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	
1.1 Отандық мәдениетті елде және шетелдерде танымал ету	Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурызда «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елді қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауы
	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру	
2.1 Мемлекеттік тілді және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту	Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауы
	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтарда «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауы
	«Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолдануды 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы
3-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету	

3.1 Ел бірлігін қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру	Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясатты басты мақсаты» атты Жолдауы
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтарда «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы
	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы

4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

Мемлекеттік органның стратегиялық бағытының, мақсатының және міндетінің атауы	Мемлекеттік органның стратегиялық бағытын, мақсатының және міндетін іске асыру бойынша іс-шаралар	Іске асыру кезеңі
1	2	3
1-стратегиялық бағыт. Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру 1.1-мақсат. Отандық мәдениетті елде және шет елдерде танымал ету 1.1.1-міндет. «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын іске асыру шеңберінде тарихи-мәдени мұраны сақтау және танымал ету 1.1.2-міндет. Мәдени құндылықтарға тұрғындардың қолжетімділігін арттыру 1.1.3-міндет. Отандық мәдениет өнімінің қызметін нарықта ілгерілету	1. Менеджмент жүйесін жаңғырту: Мәдениет министрлігі стратегиялық жоспарының іс-шараларын сапалы орындауды қамтамасыз ететін ведомстволық бағынысты мәдениет ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасаудың тиімді жүйесін енгізу; инфрақұрылыммен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Мәдениет министрлігі құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын қайта бөлу; бағдарламалық-нысаналы басқару моделін енгізу (құрылымдық бөлімшелер басшылары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларының Мәдениет министрлігі Стратегиялық жоспарының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізуге/қол жеткізбеуге жауапкершіліктерінің деңгейін айқындау); Мәдениет министрлігі мен оған ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру процесін мониторингтеу жүйесін енгізу; әйелдер қауымын шешім қабылдау деңгейіне ілгерілету тетігін әзірлеу және 2016 жылы олардың өкілеттігін 30 %-ға жеткізу; Мәдениет министрлігі қызметкерлерінің біліктілікті арттыру семинарлары мен қайта даярлау курстарынан өтулері үшін жағдайларды қамтамасыз ету. 2. Мәдени кеңістікті дамытудың реттеуші функциясын орындау : мәдениет саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру ; сапаны бағалау жүйесін енгізу және болашақта ISO 9000 стандарттарын енгізу. 3. Саладағы нарықтық тетіктердің теңгерімді дамуы: нарықтық қатынастарды дамыту есебінен мәдениет саласындағы бәсекеге қабілетті өнімді өндіруді ынталандыру	

	; бәсекеге қабілетті мәдени өнімді жасау процесінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жүйесін енгізу.	2014 – 201 жылдар
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру 2.1-мақсат. Мемлекеттік тілді және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту 2.1.1-міндет. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік және біріктіру функцияларын кеңейту 2.1.2-міндет. Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау және нығайту	1. Менеджмент жүйесін жаңғырту: Мәдениет министрлігі стратегиялық жоспарының іс-шараларын сапалы орындауды қамтамасыз ететін ведомстволық бағынысты ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасаудың тиімді жүйесін енгізу; инфрақұрылыммен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Мәдениет министрлігі құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын қайта бөлу; бағдарламалық-нысаналы басқару моделін енгізу (құрылымдық бөлімшелер басшылары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларының Мәдениет министрлігі Стратегиялық жоспарының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізуге/қол жеткізбеуге жауапкершіліктерінің деңгейін айқындау); Мәдениет министрлігі мен оған ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру процесін мониторингілеу жүйесін енгізу; әйелдер қауымын шешім қабылдау деңгейіне ілгерілету тетігін әзірлеу және 2016 жылы олардың өкілеттігін 30 %-ға жеткізу; Мәдениет министрлігі қызметкерлерінің біліктілікті арттыру семинарлары мен қайта даярлау курстарынан өтулері үшін жағдайларды қамтамасыз ету. 2. Реттеуіш функциясын орындау: Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру; тілдерді одан әрі дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіру. 3. Саладағы нарықтық тетіктердің теңгерімді дамуы: нарықтық қатынастарды дамыту есебінен тілдерді дамыту мен қолдану саласында бәсекеге қабілетті өнімді өндіруге ынталандыру.	2014 – 201 жылдар
3-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. 3.1-мақсат. Ел бірлігін қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді нығайту 3.1.1-міндет. Этносаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі арттыру 3.1.2-міндет. Қазақстан дамуының стратегиясы мен басымдықтарын және жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты түсіндіру және насихаттау	1. Менеджмент жүйесін жаңғырту: Мәдениет министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің саланың инфрақұрылымымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағытталған жұмысты жетілдіру (азаматтық қоғам институттары); бағдарламалық-нысаналы басқару моделін енгізу (құрылымдық бөлімшелер басшыларының Мәдениет министрлігі Стратегиялық жоспарының нысаналы индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізуге/қол жеткізбеуге жауапкершіліктерінің деңгейін айқындау); қойылған бағыттың мақсаттары мен міндеттердің іске асырылуына жауапты құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру процесін мониторингілеу жүйесін енгізу; әйелдер қауымын шешім қабылдау деңгейіне ілгерілету тетігін әзірлеу және 2016 жылы олардың өкілеттігін 30 %-ға жеткізу; Мәдениет министрлігі қызметкерлерінің біліктілікті арттыру семинарлары мен қайта даярлау курстарынан өтулері үшін жағдайларды қамтамасыз ету.	

3.1.3-міндет. Елдің даму стратегиясын іске асыруға азаматтық қоғам институттарының қатысуын кеңейту	2. Реттеуіш функцияларды орындау: Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы Сараптамалық кеңес жұмысын жетілдіру; салалық нысаналы топтар бойынша Қазақстанның картасын жасау және олардың әрқайсысымен жұмыс үшін бағдарлама әзірлеу.	2014 – 201 жылдар
---	--	-------------------

5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Оларға қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды қажет ететін міндеттер көрсеткіштері	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын мемлекеттік орган	Ведомствоаралық өзара іс-қимылды орнату үшін мемлекеттік орган жүзеге асыратын шаралар
1	2	3
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан халқын біріктіру факторы ретінде төзімді тілдік орта құру		
3.1-мақсат. Мемлекеттік тілді және қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту		
3.1.1-міндет. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік және біріктіру функцияларын кеңейту	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	Ш е т е л д е ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар дайындауға ықпал ету

6. Тәуекелдерді басқару

Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар қолданбаған жағдайдағы ықтимал салдарлар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
1	2	3
Сыртқы		
тарихи-мәдени мұра объектілеріне табиғи-климаттық жағдайлардың теріс әсер етуі	тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау мен дамытуға бағытталған көрсеткіштерге қол жеткізбеу	қаржы қаражатын бөлу кезінде басымды мәртебесі бар мәдени-тарихи объектілердің тізбесін жасау, өнім берушілерді бақылау
Ішкі		
жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімсіздігі	өңірлердегі әлеуметтік-мәдени жағдайды дамытуға бағытталған көрсеткіштерге қол жеткізбеу	облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдеріне меморандумдарға қол қою
ведомстволық бағынысты ұйымдар жұмысының тиімсіздігі	әлеуметтік-мәдени саланың жекелеген даму көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	ведомстволық бағынысты ұйымдардың жұмысын мониторингілеу және бақылау жүйесін енгізу; қызметкерлерді мансаптық өсуі мен уәждеу тетігін құру; «Болашақ» бағдарламасы бойынша кәсіпқой кадрлар даярлау шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен тиімді сектораралық өзара іс-қимыл жасау, статистикалық деректерді жинақтау және ұсынудың барабар жүйесін енгізу
кәсіпқой кадрлардың қысқаруы		

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі								
Бюджеттік бағдарлама	001 Мәдениет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру								
